

13 дәріс. Валюталық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Құқықтық жауапкершілік бұл мемлекеттің мәжбүрлеу әдісінің бірі екені бәрімізге мәлім. Алайда жауапкершілікке тарту бұл тек жазалау әдісі емес сонымен қатар алдын алу әдісі екенін ұмытпағанымыз жөн. Құқық теориясында келесідей жауапкершілікке тарту түрлері бар: әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, тәртіптік, материалдық. Алайда, Н.М. Артемовтың пікірінше экономиканың қарқынды даму нәтижесінде, нормативті базаның дамуына әкелді және қаржылық немесе валюталық құқықтық жүйесінің бөлініп алуына әкелді [119, с. 66].

Валюталық жауапкершіліктің мәні мен пәнін зертей келе Н.М. Артемов келесідей нәтижеге келеді: валюталық жауапкершілік деген ұғымды екі жақты қолдануға болды. Жалпы алғанда валюталық жауапкершілік деп кешенді институтты қабылдасақ, ол әртүрлі саладағы нормалар жиынтығы болады (қылмыстық, әкімшілік және т.б.). ал жеке алғанда валюталық жауапкершілік деп мемлекеттің мәжбүрлеу әсерін айтуға болады [Артемов Н.М. Вопросы ответственности в валютном праве // Право и политика. – 2001. - № 12. – С. 65-76, с. 67].

Валюталық жауапкершіліктің сипаттамалық белгілеріне Н.М. Артемов өзінше баға бере білген.

1. Валюталық жауапкершілікті қолдану жеке нормативтік базасы қалыптасқан валюталық құқықтың нормаларымен реттелуі.

2. Жауапкершілікке тартудың негізі валюталық құқықбұзушылық болып табылады (валюталық заңнамада қарастырылғандай валюталық жауапкершілікке тартуға негіз болатын субъектінің құқыққа қайшы әрекеті.)

3. Субъект ретінде жеке және заңды тұлғалар түсе алады.

4. Валюталық жауаптылық мүлікті тәркілеуден тұрады. Өндіріп алу ақшалай нысанда жүргізіледі.

5. валюталық жауаптылыққа тарутада ерекше процедураны қарастыру қажет.

Жоғарыдағыларды ескере келе, қорытындыласақ, валюталық құқықбұзушылық валюталық заңнамамен жауаптылыққа тартылатын, валюталық құқық субъектісінің құқыққа қайшы жасаған әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздік) кінәсі мойындалуы қажет.

Н.М. Артемов әрекеттің келесідей құқықтық белгілерін бөледі :

1) құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік, құқықтық нормаларды сақтамау;

2) заңды бұзған тұлғаның кінәлілігі. Құқық бұзушы кінәсінің белгілері тұлғаның абайсызда немесе қасақана сипатта жасаған әрекеті болып табылады. Кінә құқықбұзушылықтың белгісі ретінде валюталық заңнаманы бұзған тұлғаның заңды жауаптылыққа тартылуымен көрініс табуы қажет;

3) құқыққа қайшы әрекет және жағымсыз салдардың себепті байланысы. Жағымсыз салдар – бұл заңда көрсетілген әрекеттердің көрінісі. Себепті байланыс болмаған жағдайда жауаптылық шарасы да қолданылмайды;

4) қолданыстағы заңнамада құқық бұзушылық үшін нақты санкция қолданылуы тиіс.

Қазіргі таңда валюталық бақылау саласындағы негізгі мәселенің бірі валюталық заңнама субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін бақылау болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекет экспорттық жеткізілімнен валюталық түсімді максималды толық қайтаруды қамтамасыз ету бойынша кешенді әкімшілік шара қолданады. Бұл жол өз кезегінде көптеген экономикасы дамыған елдерден (Франция, Германия, Ұлыбритания және т.б.) өтті. ХВҚ бойынша қазіргі сәтте экспорттық валюталық түсімдерді отанына міндетті түрде қайтару талабы 50-ге жуық (Чехия, Польша, Венгрия, Израиль, Қытай және т.б.) елдердің заңнамасында қарастырылған. Аталған талаптардың негізгі тетігіне қол жеткізу үшін валюталық бақылауды тиімді пайдалану жүйесі қажет.

Қазақстан Республикасында валюталық заңнаманы бұзғаны үшін айыппұл түріндегі қатаң валюталық-құқықтық жауаптылық қолданылады. Айыппұл түріндегі жаза сот тәртібімен валюталық бақылау органдарымен өндіріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жеке тұлғаларға келесідей әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) әкімшілік айыппұл.

Заңды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзғаны үшін жоғарыда аталған әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін.

Валюталық бақылау агенттері Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес уәкілеттікке ие құқық қорғау органдарына және өзге де валюталық бақылау органдарына мәлімдеуі қажет.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы бұзылған жағдайда уәкілетті банктермен және уәкілетті ұйымдармен Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған шараларды қолдануға құқылы.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі құқық бұзушылық фактісі орын алған жағдайда валюталық заңнамада қарастырылған санкция қолдануға құқылы. [Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы 1995 ж. 30 наурыздағы Заңы. № 2155.56 бап].

Республикадағы қолданыстағы заңнамада банктер мен ұйымдарға, валюталық бақылау агенттеріне валюталық заңнаманың бұзылғандығы туралы ақпаратты жеткізудің нақты мерзімдері белгіленбеген, бұл банкте валюталық бақылауды жүзеге асырудың тиімділігін төмендетеді.

Біздің пікірімізше, қолданыстағы валюталық заңнаманың бұзылғандығы туралы валюталық бақылау агенттеріне ақпаратты жеткізу мерзімін белгілеу қажет. Валюталық заңнаманың бұзылғандығы туралы валюталық бақылау агенттеріне ақпаратты жеткізу мерзімін белгілеу валюталық бақылаудың тиімділігін арттырады.

Валюталық саясат және валюталық реттеу мәселелері бойынша атқарушы билік органдарымен валюталық нарықтың ішкі және сыртқы жағдайында валюталық бақылау жүйесіне дағдылануға мүмкіндік беретін нақты тұжырымдама әзірлеу қажет. Валюталық бақылау тиімді болуы үшін күрделі әлемдік саудада елдің жағдайын, ішкі экономиканың барлық ерекшеліктерін, сондай-ақ, валюталық нарыққа қатысушылардың мүдделерін қоса алғандағы, көпдеңгейлі басқару жүйесі қажет. Валюталық бақылауды күшейту өз кезегінде елден капиталдың ағылуының алдын-алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының ықпалдастық тиімділігін арттыру мақсатында халықаралық ынтымақтастықта экспорттық-импорттық операцияларды жетілдіру өзекті мәселе болып танылады. Сол себепті, экспортқа басымдық берілуі қажет, оның нәтижесінде шетел валютасына қолжетімділік жүзеге асып, елдің валюталық резервтерін арттыруға мүмкіндік береді, экономикалық өсімді ынталандырады. Алайда, ескеретін жайт, экспорт тек экспортердің валюталық түсімі толықтай елге оралған жағдайда ғана ел экономикасында өз функциясын атқарады.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, егеменді Қазақстанның валюталық заңнамасының қалыптасуы мен дамуы кезеңінде валюталық реттеу және бақылау мәселелері бойынша негізгі нормативтік құқықтық актілерді талдау елімізде валюталық саясат пен валюталық реттеуді қалыптастырудың күрделі процесс екендігін айқындайды.

Соңғы жылдарда Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңындағы валюталық реттеу жүйесінде оң өзгерістердің енгізілуімен мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасындағы валюталық реттеу мен бақылау мәселелеріне баса назар аудара бастағаны айқын.

